

**«Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг  
университеті қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ  
филиалының еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік туралы  
заңнаманың сақталуына қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру,  
жоғары білім және ғылым саласындағы қызметкерлер үшін заманауи  
қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға қатысу жөніндегі  
жұмысы туралы  
АҚПАРАТ**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (*бұдан әрі – ҚР ЕК*) 155, 203 баптары және 2023-2026 жылдарға арналған ғылым және жоғары білім саласындағы қызметкерлердің еңбек жағдайлары, жұмысқа орналасу және әлеуметтік кепілдіктер белгілеу жөніндегі Әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісім негізінде Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Орталық Комитеті аппаратының Құқықтық жұмыс, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімінің бас маманы А.М. Айтжанов 2024 жылғы 24 қазандағы № 01-10/406 тапсырмасы бойынша 2024 жылғы 12-13 қарашада «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КеАҚ-да еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік бойынша еңбек заңнамасының сақталуына тексеру жүргізді.

2024 жылғы 12 қарашадағы жағдай бойынша «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КеАҚ-да (*бұдан әрі – Университет*) барлығы 690 қызметкер жұмыс жасайды, оның 578-і кәсіподақ мүшелері болып табылады. ҚР ЕК 203-бабына сәйкес 2024 жылғы 6 қыркүйектегі №08-33/21 бұйрығымен еңбекті қорғау жөніндегі Өндірістік кеңес (*бұдан әрі – Кеңес*) құрылған. Университетте еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік инженері лауазымы бар, оны Жақанова Аймира Аймұханбетқызы атқарады.

Университетте еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор бекітілмеген.

ҚР ЕК 203-бабының 2, 3-тармақтарына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі Өндірістік кеңестің құрамы жұмыс беруші мен қызметкерлер өкілдерінің бірлескен шешімімен бекітіледі.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңесті екі жыл сайын ротациялық негізде жұмыс берушілер өкілдері мен қызметкерлер өкілдері арасынан кеңес мүшелері сайлайтын төраға басқарады.

Алайда, Кеңес құрамы мен Кеңес төрағасын жұмыс берушінің атынан Университет Президентінің міндетін атқарушы Е.Т. Нұрмағанбет бұйрық арқылы біржақты тәртіппен бекіткен. Бұл ретте төрағаны сайлау жөніндегі Кеңестің жеке отырысы өткізілмеген.

2023 жылы (күні көрсетілмеген) Кеңес 8 отырыстан тұратын 2023-2024 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіткен. Тексеруге 2024 жылғы 8 қаңтардағы және 2024 жылғы 1 сәуірдегі отырыстардың күн тәртібі ұсынылды, басқа құжаттарды көрсету мүмкіндігі болған жоқ. Бұл ретте отырыстардың күн тәртібі бекітілген жоспарға сәйкес емес.

Мысалы, бекітілген жоспарға сәйкес 2024 жылғы 8 мамырдағы өткізілген отырысқа жауапты қызметкерлер Кеңестің орындалған жұмыстары туралы есеп беруі керек еді, бірақ аталған есептің болмауына байланысты тексеруге тиісті ақпарат берілмеді. Өткен жылы Кеңестің жоспары дәл осылай бекітілген, жұмыс нәтижелерін ұсыну отырыстар жоспарын құрумен шектелген.

Тексеруге бекітілген жоспар бойынша жұмыс нәтижелерін көрсете отырып, отырыстардың хаттамалары ұсынылмады. А.А. Жақанованың түсініктемесіне сәйкес Кеңес отырыстары хаттамаларсыз ауызша өткізілген. 2022-2024 жылдар аралығында Кеңес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша бірде-бір тексеру жүргізбегендігін айта кету қажет.

2023-2026 жылдарға арналған ұжымдық шартта жұмыс берушінің ЕҚЖЕҚ бойынша іс-шараларды қаржыландыру туралы міндеттемесі көзделген.

Жұмыс беруші тарапынан қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету нормаларын ескере отырып, Университетте еңбекті қорғауды жақсартуға жыл сайын уақытылы қаржы бөлініп тұрады. Мәселен, 2022-2024 жылдар кезеңінде жұмыс беруші есебінен еңбекті және денсаулықты қорғау үшін 2 757 541 теңге қаражат бөлінген. Зиянды жұмыстармен айналысатын қызметкерлерді міндетті медициналық мерзімді тексеруден өткізу жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығымен бекітілген Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдар тізімінің 46-тарау 288-тармағын бұза отырып, оқу корпусстарын тазалаушылардың еңбек шарттарында 6 (алты) күнтізбелік күн мөлшерінде қосымша ақылы еңбек демалысы, жұмыс уақытының қысқартылған мерзімі, сондай-ақ дезинфекциялау (залалсыздандыру) құралдарын пайдаланғаны үшін зиянды (ерекше зиянды) және қауіпті (аса қауіпті) еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы мөлшері көрсетілмеген.

Университетте еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың болмауына байланысты «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының еңбекті қорғау жөніндегі үздік

техникалық инспекторы» республикалық байқау-конкурсына Университет қатысқан жоқ.

2024 жылы Университеттің операциялық қызмет басқармасының 6 қызметкері азаматтық қорғаныс бойынша семинар-тренингтен өтті.

Өткен үш жылда еңбек қызметіне байланысты тіркелген жазатайым оқиғалар болған жоқ.

**Кәсіподақтың Орталық Комитеті аппаратының  
Құқықтық жұмыс, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімі**